

## БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

## Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлау

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.12.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/48709/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Мұхамбетамин Жанар Мұхамбетаминқызы**

**Білім беру салалары:** «Таным».

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** ҚМТҚ

**Мақсаты:**

а) Білімділігі: Балаларға көрсетілген заттарды сан, көлем кеңістікті бағдарлау, геометриялық пішінді бір — бірінен ажыратуға, сөзбен айтуға дағдыландыру.

ә) Тәрбиелігі: Балаларды ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың ой-өрісін бейімділігін дамыту. Тапсырманы тиянақты орындауға дағдыландыру.

б) Дамытушылығы: Логикалық ойлау дағдысын дамыту. Сөйлеу қабілетін, мәдениетін дамыту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** карточкалар, заттық суреттер, әртүрлі пішіндер.

**Қостілділік:** көлік – машина, үй – дом, күн – солнце, гүл – цветок, ағаш – дерево.

Қызметтің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеттері
Ұйымдас-тырушы - қозғаушы қызмет	<p>Тәрбиеші: Балалар біз қол ұстаса дөңгеленіп, шеңбер құрып тұрайық. Енді бір – бірімізге алақан арқылы жылылық танытып жылы лебіз білдірейік.</p> <p>Балалар бүгін бізде ерекше күн. Біздің тобымызға көптеген қонақтар келіпті. Бүгін ерекше күн болғандықтан, сабағымызда ерекше болмақ. Көңілді отырып сабағымызды бастайық.</p>	<p>Шаттық шеңбері:          — Армысыз қайырымды, Аспан ата!          — Армысыз мейірімді, Жер – ана!          — Армысыз шұғылалы, Алтын күн!          — Сәлеметсіздер ме қонақтар?          — Бәріміз күндей жарқырап!          — Тату-тәтті болайық.</p> <p>Балалар мұқият тындап отырады.</p>

<p><b>Ұйымдас-тырушы — ізденушілік</b></p> <p>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлау».</p> <p>— Балалароң жақтарында не орналасқан? — Ал сол жақтарында не орналасқан? -Алдыларыңда не орналасқан? — Арт жақтарыңда не орналасқан?</p> <p><i>Осы кезде Дымбілмес кіреді.</i></p> <p><b>Дымбілмес:</b>Сәлеметсіңдер ме балалар! Сендер не істеп жатырсыңдар, бұл не? Математика демекші балалар, менде біраз тапсырмалар бар. Шешімін таба алмай қойдым.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Мүмкін балалар көмектесер. Көмектесеміз бе балалар? Тәрбиеші Дымбілместің тапсырмаларын жасырады.</p> <p><b>1-тапсырма.</b> 1 адым алға, 2 адым солға, 3 адым оңға.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Алдарыңда жатқан ақ шаршы қағаздың жоғары оң жағына дөңгелек қоямыз, оң жақ төменге үшбұрышты, ал жоғары сол жаққа сопақша орналастырамыз, сол жақ төменге төртбұрыш орналастырамыз.</p> <p><b>Дымбілмес:</b>Өте қызық екен, балалар маған тапсырмаларды орындаған ұнап тұр.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Ал балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға бір бұрылып, Солға бір бұрылып, Алақанды соғайық! Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.</p> <p><i>(Дымбілмес тапсырманы хатпен беріп отырады)</i></p> <p><b>3-тапсырма.</b> Балалар тақтадағы суреттердің кеңістіктегі орналасуын бағдарлайды. <i>(тәрбиеші айтуы бойынша)</i> Үй ортада, ағаш оң жақта, күн жоғарыда, көлік сол жақта, гүлдер астында.</p> <p><b>Дымбілмес:</b> Балалар, менде орналастырып көрейінші? Гүлдер жоғарыда орналаса ма? Енді мен заттардың қайда орналасатынын білетін боламын, рахмет сендерге балалар.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс балалар, өте тамаша. Сендер әр заттың кеңістіктегі орындарын таба білдіңдер.</p> <p><b>4-тапсырма. «Миға шабуыл»</b> -Сиярда неше аяқ бар? — Машинаның неше дөңгелегі бар? — Бағдаршамның көзі нешеу? — Алма үлкен бе, түйме үлкен бе? — Екі құста неше қанат бар?</p> <p><b>Дымбілмес:</b> Балалар, сендерге көптен — көп рахмет! Маған тапсырмаларымды орындауға көп көмектерің тиді. Енді мен қайттым. Сау болыңдар, балалар!</p> <p>Тақтада жемістердің суреті ілінеді. Балалар жемістерді санына қарай рет-ретімен қойып шығуы керек.</p> <p>Доп-1, сәбіз-2, алма-3, саңырауқұлақ-4, гүл-5.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Өте тамаша балалар, сендер санның ретін біледі екенсіңдер.</p>	<p>Жауаптары.</p> <p>-Сәлеметсіз бе! Бізде математика сабағы болып жатыр.</p> <p>-Ия сізге тапсырмаларыңызды орындауға көмектесейік.</p> <p>Балалар орындарынан тұрып, адымдарды орындайды.</p> <p>Балалар тәрбиешінің айтқанымен алдарындағы ақ шаршыға пішіндерді орналастырады.</p> <p>Мазмұны бойынша сергіту жаттығуын орындайды.</p> <p>Тәрбиешінің айтуымен балалар тақтаға шығып орналастырады.</p> <p>— Жоқ, гүлдер төменде орналасады.</p> <p>Жауаптары.</p> <p>-Сау болыңыз, Дымбілмес. Балалар тақтаға шығып, ретімен іледі.</p>
--	--

Жетекші — жөндеуші	<b>Сабақты қорытындылау.</b> <b>Ойын:</b> «Аз ба, көп пе» <b>Ойынның шарты:</b> Алма ағаштары суреттері тақтада ілулі. Оң жақ, сол жақ, астында, үстінде деген ұғымдарды қолдана балалар бұтақтағы алмаларды санайды. Аз ба, көп пе салыстырады, орналасу кеңістігін бағдарлайды.  <i>Балаларды мадақтау.</i>	Балалар ағаштағы алмаларды санау арқылы салыстырады және кеңістікте орналасуын бағдарлайды.
-----------------------	---	---

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:**кеңістікті бағдарлауды, оң мен солды айыра алуды.

**Игереді:**кеңістіктегі заттардың орналасуын бағдарлауды,заттарды ретімен орналастыруды, оларды салыстыруды.

**Меңгереді:**геометриялық пішінді бір — бірінен ажыратуды, логикалық ойлауды.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.